

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Киіктерді (Saiga tatarica tatarica) қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 мамырдағы N 423 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Киіктерді (Saiga tatarica tatarica) қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Смағұлұлы Есімовке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Киіктерді (Saiga tatarica tatarica) қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы»26 мамырдағы
N 423 қаулысымен

мақұлданған

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы
Киіктерді (Saiga tatarica tatarica) қорғау, өсімін молайту және пайдалану
жөніндегі
КЕЛІСІМ**

(Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар болып аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Түрікменстан Үкіметі,

Тараптар мемлекеттерінің арасындағы достық қатынастарды және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану саласындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мен тереңдету мүдделерін ескере отырып; әрбір ұрпақ болашақ ұрпақ үшін табиғи ресурстардың сақтаушысы болып

табылатынын және биологиялық әртүрлілікті сақтауды қамтамасыз етуге міндетті
е к е н і н с е з і н е о т ы р ы п ;

саны соңғы онжылдықта үздіксіз қысқарып бара жатқан және жойылып кету шегіне
жетуі мүмкін киіктердің Еуразияның қуаңшылық аймақтарының ашық
ландшафтарының мекендеушілері болып табылатынын мойындай отырып;

киіктердің жылыстау бағыты Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арқылы өтетін
жерүсті фаунасының тым ертедегі түрлерінің бірі және қоныс аударушы түр болып
табылатынын және ғылыми құндылығы бар екенін назарға ала отырып;

киіктерді қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану және олар мекендейтін
жерлерді сақтау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және тиімді жүргізу Тараптар
мемлекеттерінің ынтымақтастығы кезінде ғана өткізілуі мүмкін екендігін мойындай
о т ы р ы п ,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар өз мемлекеттерінің аумақтарында өз мемлекеттерінің ұлттық
заңнамалары нормаларының негізінде киіктерді қорғау, өсімін молайту және орнықты
пайдалану жөніндегі шараларды дербес жүзеге асырады.

2. Киіктерді аулауға тыйым салуға немесе шектеуге Тараптар мемлекеттерінің
ұлттық заңнамаларына және олар қатысушылары болып табылатын халықаралық
ш а р т т а р ғ а с ә й к е с ж о л б е р і л е д і .

3. Егер Тараптардың бірінің мемлекетінде киіктер ерекше қорғалатын түр болып
табылса, ал басқа Тараптың мемлекетінде киіктерді аулауға тыйым салынбаса,
Тараптар киіктер таралымының жай-күйіне мониторинг ұйымдастыруды көздейтін
келісілген шешім қабылдайды және осының негізінде киіктерді қорғау, өсімін молайту
және орнықты пайдалану жөнінде шаралар белгілейді.

4. Тараптар мемлекеттерінің жануарлар дүниесін мемлекеттік басқару уәкілетті
органдары (бұдан әрі - уәкілетті органдар) киіктерді қорғау, өсімін молайту және
орнықты пайдалану жөніндегі практикалық іс-шаралардың тиімділігі туралы, сондай-ақ
мониторинг деректерін жыл сайын бір-біріне хабардар етіп тұрады.

2-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті
о р г а н д а р ы :

қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті;
түрікмен Тарапынан - Түрікменстан Табиғат қорғау министрлігі болып табылады.

2. Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген

кезде Тараптар дипломатиялық арналар арқылы дер кезінде хабардар етілетін болады, бұл Тараптардың осы Келісімді орындауын жоймайды.

3-бап

1. Жылдық циклдің барлық кезеңінде киіктерді қорғау тиімділігін арттыру мақсатында Тараптар қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану жөніндегі жұмыстардың Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдарына жүктелген өкілеттіктерге сәйкес жүргізілуіне жәрдемдеседі.

2. Әрбір Тарап киіктерді және олар мекендейтін жерлерді сақтау мақсатында өз мемлекетінің аумағында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құруға және оларды қорғаудың тиісті режимін қамтамасыз етуге барынша ықпал ететін болады.

3. Тараптар киіктерді қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күресте ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдіру жөнінде шаралар қабылдайды.

4-бап

Тараптардың әрқайсысы киіктерді қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулерді Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес қаржыландыратын болады.

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар инвестициялық жобаларға қатысады.

5-бап

Қажеттілігіне қарай киіктерді қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану жөніндегі күш-жігерді үйлестіру мақсатында Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары мен ғылыми ұйымдарының өкілдерінен жұмыс тобы құрылуы мүмкін.

6-бап

Осы Келісімнің ережелері киіктерді және олар мекендейтін жерлерді сақтау жөнінде неғұрлым қатаң шаралар қолдану жөніндегі Тараптардың қандай да бірінің құқықтарын шектемейді және оларға әсер етпейді.

7-бап

1. Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім, егер Тараптардың бір де бірі оның қолданылуын өзінің тоқтату ниеті туралы мәлімдемесе және бұл туралы басқа Тарапқа тиісті бесжылдық кезең аяқталғанға дейін алты ай бұрын жазбаша хабардар етпесе, келесі бесжылдық кезеңдерге ұзартылатын болады.

3. Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

4. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешетін болады.

2007 жылғы " ____ " мамырда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, түрікмен және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

**Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін**

**Түрікменстан
Үкіметі үшін**

Ауыл шаруашылығы министрі

Ауыл шаруашылығы министрі